Аналитикалық анықтама
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
Астана қаласының «№78 мектеп-гимназиясы» ЖШҚ МКК

Аналитикалық анықтама "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес, «Смағұл Садуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК мекемесінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 182-н/к бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылды.

Құрамы:мектеп директорының тәрбие ісінің орынбасарлары Омашева Галия Молдатаевна, Усембаева Амина Болатаевна, директордың оқу ісінің орынбасарлары Жанабилова Ания Акаевна, Эркинбекова Салтанат Анарбековна, бас есепші Ерменова Бибінұр Айтжановна.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2024 жылғы 21 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Садуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгі ережелеріне сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің бағыттары:
1) нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2) ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚАКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ.

1. Мекеменің құрылымы мыналардан тұрады:
1) әкімшілік ету;
2) кадр жұмысы және есепке алуды жүргізу;
3) қаржылық бөлік (бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алу);
4) оқу бөлімі және цифрландыру;
5) техникалық-экономикалық бөлім.
2. Мекеменің қызметін талдау барысында нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құқықтық актілердің нормалары арасында сәйкессіздік байқалмайды.

ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Мекеме кәсіпорнының штат кестесі "Астана қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысымен 2024 жылғы 02 қыркүйек күнімен / бекітілген. Талдау жүргізу кезінде Мекеме қызметкерлерінің нақты саны 239 адамды құрайды, бос жұмыс орны жоқ.

Бұл ретте әкімшілік құрамының саны – 10 адам (штат санының 5%) (директор, орынбасарлары), мамандар- 24 адам (штат санының 10%), педагогтер саны:146 (штат санының 61%), кіші қызметкерлер-25 адам (штат санының 10%), бала күтімінде:34 адам (штат санының 14%). Мектеп оқушыларының санының артуына байланысты мектеп қызметкерлерінің саны ұлғайды, келгендер-66 адам (штат санының 29%), мекен-жайларының ауысуына және отбасы жағыдайларына байланысты кеткен мұғалімдер саны-49 адам (штат санының 20%),

Келесі комиссиялар қызметін ұйымдастырады және жұмыс істейді: еңбек өтілін есептеу жөніндегі комиссия.

2. Мүдделер қақтығысы «Смағұл Садуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК мекемесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы

(мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық) анықталған жоқ.

Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында қарама-қайшы мүдделер жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша функциялар:

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;

2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау;

3. Аз қамтылған отбасы балаларының саяжай және мектеп лагерьлерінде демалуы үшін құжаттарды қабылдау;

4. Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттарды қабылдау:

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында бұзушылықтар анықталмаған.

4. Рұқсат беру және бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру.

Мекемеде азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы No 221 Заңына сәйкес жүргізіледі.

Департаменттердегі аталған бағыттар бойынша жұмыстың жай-күйіне талдау жүргізілді, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштердің уақытылы және сапалы қаралуын қамтамасыз ету, бақылауды жетілдіру, белгіленген мерзімдерді бұза отырып өтініштерді қарауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

2023 жылғы тамыз - 2024 жылғы маусымда азаматтардан ауызша және жазбаша өтініш болған жоқ.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу жөніндегі шаралар

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт пен Смағұл Садуақасұлы атындағы «№78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК этика кодексі әзірленіп, мектептің ішкі бұйрығымен бекітілді. Әдеп кодексі жазбаша түрде оқылды.

- әкімшілік персонал: директор, директордың орынбасарлары
- мамандар: бас есепші, есепші, экономист
- техникалық орындаушылар: мұрағатшы, іс-жүргізуші, хатшы.

Мектеп қызметкерлерінің еңбек шарттарына әдеп кодексін сақтау туралы тармақ енгізілді. Мектептің бірінші қабатында ашықтық мақсатында азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа жағымсыз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық стенд, сенім телефондарының нөмірлері көрсетіледі, азаматтардың өтініштерін қабылдауға арналған арнайы «Сенім» жәшігі бар.

Мектептің оқытушылар құрамымен және жаңадан келген қызметкерлермен офлайн форматта түсіндірме әңгіме өткізілді және «Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» туралы мектепішілік 2024жылғы 2.09. №182-н/к бұйрығымен таныстырылды.

Мектептің сайтында бұйрықтар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, этика кодексі бар. Өскелең ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке тәрбиелеу мақсатында мектепте «Адал Ұрпақ» клубы жұмыс істейді, жоспар әзірленіп, келісілген және «Адалдық алаңы» бұрышы бар. Сынып мұғалімдері оқушылармен сынып сағаттарын өткізеді және ата-аналармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәртібін бұзудың алдын алу және санитарлық нормаларды сақтау мәселелері бойынша жиналыстар өткізіледі.

6. Мемлекеттік сатып алу

Мекеменің интернет-ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жөніндегі арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Садуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын білім беру ұйымының сайтында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық келісім шарттар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. Осы уақытқа дейін барлығы 110 келісімшарт жасалды.

7.Қорытынды

Талданатын кезеңде қызметкерлердің қызметтік, сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік санкциялар енгізу фактілері анықталмады.

Жұмыс тобы:
Директорының тәрбие ісінің орынбасарлары
Омашева Галия Молдатаевна
Усембаева Амина Болатаевна
Директордың оқу ісінің орынбасары
Жанабилова Ания Акаевна
Эркинбекова Салтанат Анарбековна,
Бас есепші
Ерменова Бибінұр Айтжановна

Астана қаласы қаласы әкімдігінің
«78 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК директоры

Қ.Жангазакова